

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің халықаралық қатынастар
факультетінің Ғылыми кеңесінің 2021 жылғы 16 сәуір күні өткен
мәжілісінің № 8 хаттамасынан
ҮЗІНДІ**

ҚАТЫСҚАНДАР: Ғылыми кеңес төрағасы С.Ж.Айдарбаев және кеңестің 14 мүшесі қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ:

3. Түрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ: Халықаралық қатынастар факультетінің деканы С.Ж.Айдарбаевтың Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а., PhD докторы А.О. Оңдаштың дайындаған «Халықаралық қаржы» (көлемі – 18 б.т.) және «Әлемдік экономика» (көлемі - 25 б.т.) атты «Әлемдік экономика» мамандықтарына және жалпы сарапшылар қоғамына арналған оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы хабарламасы.

ҚАУЛЫ: Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының бірауыздан қабылдаған шешіміне байланысты PhD доктор, доцент м.а. А.О.Оңдаштың дайындаған «Халықаралық қаржы» (көлемі – 18 б.т.) және «Әлемдік экономика» (көлемі - 25 б.т.) атты оқу құралдары баспаға ұсынылсын.

Ғылыми кеңес төрағасы,
профессор

Ғалым хатшы



С.Ж.Айдарбаев

Ж.Қ.Идрышева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Әдістемелік кеңесінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 9 Хаттамасынан
Ү З І Н Д І

ҚАТЫСҚАҢДАР: Әдістемелік Кеңес төрайымы – доц. Машимбаева Г.А. және 14 Әдістемелік бюро мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

3. Әртүрлі мәселелер

Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а., PhD докторы А.О. Оңдаштың дайындаған «Халықаралық қаржы» (көлемі – 18 б.т.) және «Әлемдік экономика» (көлемі - 25 б.т.) атты оқу құралдарын Редакциялық-баспа кеңесінде ұсыну туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: доц. Г.А. Машимбаеваның Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а., PhD докторы А.О. Оңдаштың дайындаған «Халықаралық қаржы» және «Әлемдік экономика» атты «Әлемдік экономика» мамандықтарына және жалпы сарапшылар қоғамына арналған оқу құралдарын ұсыну туралы хабарламасы. Оқу құралдардың жалпы көлемі - «Халықаралық қаржы» (көлемі – 18 б.т.) және «Әлемдік экономика» (көлемі - 25 б.т.).

Оқу құралдары «5B020200-Халықаралық қатынастар», «5B050500-Аймақтану», «5B051300-Әлемдік экономика», «6M051300-Әлемдік экономика», «5B050600-Экономика», «5B050900-Қаржы» мамандығының студенттері мен магистранттары үшін халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасында дайындалынды. Оқу құралдарының және оның мазмұндары белгіленген барлық талаптарға сай орындалынған. Сонымен бірге бұл оқу құралдары бойынша оң пікір берілген. Сондай-ақ халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының мәжілісінде басылымға ұсыну туралы қаулысынан үзінді ұсынылған. Осыған орай, PhD докторы, доцент м.а. А.О. Оңдаштың дайындаған «Халықаралық қаржы» (көлемі – 18 б.т.) және «Әлемдік экономика» (көлемі - 25 б.т.) атты оқу құралдарын Редакциялық-баспа кеңесінде баспаға ұсынуға болады деп есептейміз.

ҚАУЛЫ:

Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а., PhD докторы А.О. Оңдаштың дайындаған «Халықаралық қаржы» (көлемі – 18 б.т.) және «Әлемдік экономика» (көлемі - 25 б.т.) атты оқу құралдарын нұсқаға жіберу үшін Редакциялық-баспа кеңесіне ұсынылсын.

Халықаралық қатынастар факультетінің
Әдістемелік кеңесінің төрайымы

Машимбаева Г.А.



Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының

кезекті мәжілісінің № 9 хаттамасынан

ҮЗІНДІ

« 13 » сәуір 2021ж.

ҚАТЫСҚАНДАР: Кафедра меңгерушісі Е.С. Чукубаев; Профессорлар: т.ғ.д., проф. К.И.Байзакова, т.ғ.д., проф. К.Н. Макашева, т.ғ.д., проф. М.Ш. Губайдуллина, т.ғ.д., проф. Г.А. Мовкебаева, т.ғ.д., проф. Ф.Т. Кукеева, т.ғ.д., доц. М.А. Ауған, э.ғ.д., проф. К.С. Мухтарова
Доценттер: т.ғ.к., доц. Б.З. Бюжеева, т.ғ.к., доцент Л.Т. Исова, э.ғ.к., доц. А.М. Мырзахметова; **Доцент міндетін атқарушылар:** э.ғ.к., доц.м.а. Л.А.Медуханова, т.ғ.к., доц. м.а. А.Б. Кузембаева, PhD доктор доц. м.а. А. Ондаш, э.ғ.к., доц. м.а. Н.Е. Дабылтаева; **Аға оқытушылар:** т.ғ.к., аға оқыт. Ж.К.Идрышева, т.ғ.к., аға оқыт. Б.М. Балаубаева, т.ғ.к., аға оқыт. А.Н. Бакирланова, т.ғ.к., аға оқыт. А.Т. Кульбаева, т.ғ.к., аға оқыт. Қ.Б. Беков, аға оқыт. А.В. Хамзаева, аға оқыт. Ж.А. Оспанбаев, аға оқыт. З.Б. Балгабаева, э.ғ.к. Г. Пернеева ; **Оқытушылар:** оқыт. Р. Уткелбай, оқыт. С. Парпиев, оқыт. Д. Калибекұлы, оқыт. А. Ермекбаев

КҮН ТӘРТІБІ:

4. Әр түрлі мәселелер

Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а. PhD докторы А.О. Ондаштың дайындаған «Халықаралық қаржы» (көлемі – 18 б.т.) және «Әлемдік экономика» (көлемі - 25 б.т.) атты «Әлемдік экономика» мамандықтарына және жалпы сарапшылар қоғамына арналған оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Сөйлеген: Кафедра меңгерушісі Е.С. Чукубаев: халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а. PhD докторы А.О. Ондаштың дайындаған «Халықаралық қаржы» (көлемі – 18 б.т.) және «Әлемдік экономика» (көлемі - 25 б.т.) атты оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы хабарламасы тыңдалды.

ҚАУЛЫ:

Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының бірауыздан қабылдаған шешіміне байланысты PhD доктор, доцент м.а. А.О. Ондаштың дайындаған «Халықаралық қаржы» (көлемі – 18 б.т.) және «Әлемдік экономика» (көлемі - 25 б.т.) атты оқу құралдары баспаға ұсынылсын.

Халықаралық қатынастар
және әлемдік экономика
кафедрасының меңгерушісі

Хатшы



Е.С. Чукубаев

Г.А. Апсаттарова

**PhD докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар
факультеті, Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика
кафедрасының аға оқытушысы Ондаш Айнұр Ондашқызы дайындаған
«Әлемдік экономика» оқу құралына**

СЫН-ПІКІР

Ұсынылған жұмыстың өзектілігі әлемдік экономикада болып жатқан процестерді талдауға деген қажеттілік болып табылады. Олардың дамуына географиялық көзқарас айрықша тиімді, өйткені ол аумақтылығымен, күрделілігімен және жаһандылығымен ерекшеленеді.

Рецензияланған оқу құралы материалды ұсыну логикасына сәйкес екі бөлімге бөлінген: дамыған елдердің экономикасы және дамушы елдердің экономикасы. Автор әлемдік өнеркәсіптің жетекші салаларының құрылымын, әлем елдерінің табиғи-ресурстық әлеуетін, қаржы жүйесінің даму динамикасын сипаттайды. Мәліметтер кесте түрінде ұсынылған және жалпыланған статистикалық көрсеткіштер негізінде орындалған. Сонымен қатар, әлем елдерінің сыртқы экономикалық байланыстары, әлемдік экономикадағы елдің алатын орны мен рөлі анықталған.

А.О.Ондаштың оқу құралы жоғары оқу орындарының әлемдік экономика мамандығының студенттері мен магистранттарына, оқытушылары мен мамандарына, әлемдік экономика мәселелеріне қызығушылық танытқан оқырмандарға арналған.

Рецензияланған оқу құралында әр тараудың соңында қайталауға арналған бақылау сұрақтары және талқылауға арналған мәселелер қамтылған. Бұл қарастырылып отырған материалдарды жақсы игеруге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік тілдегі осынау тақырыпқа арналған сирек еңбектердің бірі болғандықтан кейбір олқылықтар да кездеседі. Мәселен, жұмысқа тест сұрақтарын қосқанда артықшылық етпес еді. Бірақ, ол жұмыстың мәні мен оның орындалу сапасына айтарлықтай әсер етпейді, себебі жұмыста басқа да бақылау сұрақтары қамтылған.


Қорытындылай келе, Әлемдік экономика бойынша мемлекеттік тілде еңбектердің таралымы өте аз болғандықтан, мұндай әдебиетті пайдаланушылардың кең ауқымы үшін қол жетімді емес екенін атап өткен жөн. Автор А.О.Ондаштың жұмысы бұл олқылықтың орнын белгілі бір деңгейде толтырады және оны басылымға жариялауға ұсынылады.

Э.ғ.д., Д.А.Қонаев атындағы
Еуразиялық заң академиясы,
«Экономика және жалпы
білім беру пәндері»
кафедрасының э.ғ.д., профессоры



К.Б.Дауылбаев

Э.ғ.д., профессор К.Б. Дауылбаевтің және К.Б. Дауылбаевтің
олқылықтарын түзетін және қол қойған



PhD докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті, Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының аға оқытушысы Ондаш Айнұр Ондашқызы дайындаған «Әлемдік экономика» оқу құралына

СЫН-ПІКІР

Қазіргі уақытта әлемдік экономика бұрын-соңды болмаған жүйелі өзгерістерді бастан кешуде. Сондықтан жаһандану, сауданы терең ырықтандыру және қайталанатын әлемдік қаржылық дағдарыстар жағдайында ұлттық сыртқы экономикалық мүдделер мен ұлттық нарықтарды қорғауды арттыру мақсатында әлемдік экономикалық байланыстарды дамытудың негізгі тенденцияларын жан - жақты, егжей-тегжейлі талдау, сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеудің тиімді тетіктерін анықтау қажеттілігі айқын.

Әлемдік экономика – бұл әлеуметтік-экономикалық мазмұны мен даму деңгейі бойынша әртүрлі ішкі жүйелерден, бір-бірімен тығыз байланысты, сонымен қатар үнемі өзара әрекеттесетін және бір-біріне әсер ететін аймақтық және ұлттық экономикалық кешендерден тұратын планетарлық экономикалық жүйе.

Бұл оқу құралы өте өзекті тақырыпта жазылған, өйткені ол әлемдік экономикадағы өзгерістер ұлттық экономикаға әсер етуі мүмкін екендігі туралы тұтас түсінік беруге тырысады.

Рецензияланған оқу құралы екі бөлімнен тұрады: дамыған елдердің экономикасы және дамушы елдердің экономикасы. Құралдың мәтіні логикалық жүйеге сәйкес орналасқан. Оқу құралы білікті, дәлелді түрде дайындалған, оқу материалы қол жетімді түрде ұсынылған, сонымен қатар жаңашылдығымен және өзіндік ерекшелігімен ерекшеленеді.

«Әлемдік экономика» оқу құралының тағы бір құптарлық ерекшелігі халықаралық экономикалық қарым-қатынастарда туындайтын сұрақтарға, сондай-ақ тиімділігін арттыру мәселелеріне зер салынған және мұның өзі ойдағыдай атқарылған деп санаймын.

«Әлемдік экономика» мемлекеттік тілде дайындалып отырған қанатқақты оқу құралы болғандықтан, кейбір кемшіліктер де жоқ емес. Мәселен, жұмыста орфографиялық қателер кездеседі. Бірақ, ол жұмыстың мәні мен оның орындалу сапасына айтарлықтай әсер етпейді, себебі жұмыстың ауқымы кең және тақырыбы өзекті.

Жалпы алғанда, Ондаш Айнұр Ондашқызы дайындаған «Әлемдік экономика» атты оқу құралын «Қазақ университеті» баспасынан шығаруға ұсынамын.

**Э.ғ.к., әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ аға оқытушы**



Т.П. Табеев

PhD докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті, Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының аға оқытушысы Ондаш Айнұр Ондашқызы дайындаған «Әлемдік экономика» оқу құралына

СЫН-ПІКІР

Әлемдік экономиканы қамтыған жаһандық үдерістер аясында дұрыс басқару шешімдерін қабылдау үшін, әсіресе, еліміздің нарықтық қатынастарға көшу жағдайында әлемдік экономика мен халықаралық экономикалық қатынастарды зерттеу қажет болды. Ол үшін әлемдік экономикалық өмірге белсенді араласу арқылы шетелдік тәжірибені енгізу маңызды болғандықтан, шет елдердің дамуының макроэкономикалық ерекшеліктерін жүйелі түрде зерттеу қажет. Оқу құралында қазіргі әлемдік экономиканың сипаттамасы және оның өзекті мәселелері ұсынылған, ұлттық экономикалардың әлемдік экономикалық қатынастар жүйесіндегі орны анықталған. Жетекші капиталистік елдердің, өтпелі экономикасы бар елдердің және бірқатар дамушы мемлекеттердің экономикалық даму модельдері мен үрдістері егжей-тегжейлі талданған.

Рецензияланған оқу құралы екі бөлімнен тұрады: дамыған елдердің экономикасы және дамушы елдердің экономикасы. Көрсетілген бөлімдердің әрқайсысын автор жеткілікті жан-жақты қарастырған, бұл жұмыстың оң сипаттамасына лайық.

Мемлекеттік тілдегі осынау тақырыпқа арналған сирек еңбектердің бірі болғандықтан кейбір олқылықтар да кездеседі. Мәселен, жұмысқа бірқатар теориялық тұжырымдамаларды қосқанда артықшылық етпес еді. Бірақ, ол жұмыстың мәні мен оның орындалу сапасына айтарлықтай әсер етпейді, себебі «Халықаралық экономика» атты оқу құралы теория тұрғысынан толық қарастырылғандықтан, «Әлемдік экономика» атты оқу құралында автор ресми статистикалық ақпарат көздерін пайдалана отырып, ұқсас практикалық зерттеулерді өз бетінше жүргізе алған. Сонымен қатар, әлемдік экономиканың практикалық мәселелерінің барлық кешенін ашып көрсетудегі автордың көзқарасы, қазіргі басқа да баламалы түрде жазылған оқу құралдарының олқылықтарының орнын толтыруға арналған.

Жалпы алғанда, студенттер мен магистранттар үшін Ондаш Айнұр Ондашқызы дайындаған «Әлемдік экономика» қажетті оқу құралы болып табылатындықтан, баспадан шығаруға ұсынылады және арнайы курс ретінде өзіне жүктелген міндеттерді атқарады деп санауға толық негіз бар.

**э.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Халықаралық қатынастар және
әлемдік экономика кафедрасының
профессоры**



Елемесов Р.Е.

PhD докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының аға оқытушысы
Ондаш Айнұр Ондашқызы дайындаған
«Халықаралық қаржы» оқу құралына

СЫН-ШҚІР

Ондаш Айнұр Ондашқызының “Халықаралық қаржы” атты оқу құралы тек әлемдік экономика мамандығы ғана емес, сонымен қатар жалпы экономика, қаржы және несие мамандықтарының студенттері мен магистранттарына, қаржы саласы бойынша сарапшыларға, халықаралық қаржы мәселелеріне қызығушылық танытушылардың барлығына арналған. Қарастырылып отырған оқу құралы материалдарды ұсыну логикасына сәйкес екіге бөлінеді: теория және практика. Ал, енді жалпы оқу құралы мазмұны бойынша 5 бөлімнен тұрады:

- Халықаралық капитал қозғалысы;
- Әлемдік валюта жүйесі;
- Әлемдік қаржы жүйесі;
- Халықаралық қаржы нарықтары;
- Халықаралық валюталық-қаржылық және несиелік қатынастар жүйесіндегі Қазақстан.

Ұсынылған қолжазба - бұл автордың дәрістік материалдар және әр түрлі дереккөздерде жарияланған ғылыми мақалалар жинағы.

Оқу құралының құрылымы пәнді оқытудың әдістемелік талаптарына сәйкес келеді (қажетті бөліктерді қамтиды: негізгі (дәрістер оқуға арналған материал), түсіндірмелі (терминдер мен анықтамаларды ашу), әдістемелік (бақылау сұрақтары, ұсынылған әдебиеттер), практикалық (есептер, жағдайлық тапсырмалар).

Автор ресми статистикалық ақпарат көздерін пайдалана отырып, ұқсас теориялық және практикалық зерттеулерді өз бетінше жүргізе алған. Автор таңдаған оқулықты жазуға деген көзқарас халықаралық қаржының теориялық және практикалық мәселелерінің барлық кешенін ашып көрсетудегі қазіргі олқылықтың орнын толтыруға арналған. Оқу құралы білікті, дәлелді түрде дайындалған, оқу материалы қол жетімді түрде ұсынылған, сонымен қатар жаңашылдығымен және өзіндік ерекшелігімен ерекшеленеді.

Халықаралық сауда арналған мемлекеттік тілде дайындалып отырған қанатқақты оқу құралы болғандықтан, кейбір кемшіліктер де жоқ емес. Мәселен, жұмысқа тест сұрақтарын қосқанда артықшылық етпес еді. Бірақ, ол жұмыстың мәні мен оның орындалу сапасына айтарлықтай әсер етпейді, себебі жұмыста басқа да есеп тапсырмалары мен бақылау сұрақтары қамтылған.

Қорытындылай келе, Халықаралық қаржы бойынша мемлекеттік тілде еңбектердің таралымы өте аз болғандықтан, мұндай әдебиетті пайдаланушылардың кең ауқымы үшін қол жетімді емес екенін атап өткен жөн. Автор А.О. Ондаштың жұмысы бұл олқылықтың орнын белгілі бір деңгейде толтырады және оны басылымға жариялауға ұсынылады.

Э.ғ.д., профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
академиялық мәселелер
жөніндегі проректоры



А.А. Сатмурзаев
А.А. Сатмурзаев

PhD доктор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының аға оқытушысы
Оңдаш Айнұр Оңдашқызы дайындаған
«Халықаралық қаржы» оқу құралына

СЫН-ШҚІР

Халықаралық қаржы тақырыбы әлемдік қаржылық дағдарыстардың пайда болуымен және әлемнің барлық экономикаларының өзара тәуелділігінің көрінісімен өзекті болып қала береді. Халықаралық қаржы жүйесін құрайтын институттарды, құралдар мен қатынастарды зерттеу түбегейлі маңызды.

Құрылымдық тұрғыдан оқу тақырыптары жалпыдан жеке және ерекше деңгейге көтерілу принципіне сәйкес құрылған. Әр тараудың тақырыптары маңызды ұғымдарды, категориялық аппаратты сипаттаудан басталады. Оқырмандар үшін ең күрделі немесе жаңа ұғымдарды, құбылыстарды, әрекеттерді түсіндіру, оларды суреттер, диаграммалар, кестелер, мысалдар түрінде көрнекі бейнелеп көрсеткен. Әр тараудан кейін өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар және есептер ұсынылған тақырыпты терең және жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берген. Материалды жан-жақты зерттеу оқырманның тақырыпқа деген нақты көзқарасын қалыптастырады. Сонымен қатар, оқу құралы халықаралық қаржы саласындағы күрделі мәселелерді игеруде қол жетімділігімен ерекшеленеді.

Оқу құралы тек әлемдік экономика мамандығы ғана емес, сонымен қатар жалпы экономика, қаржы және несие, есеп және аудит, менеджмент және т.б. мамандықтарының студенттері мен магистранттарына, қаржы саласы бойынша сарапшыларға, халықаралық қаржы мәселелеріне қызығушылық танытушылардың барлығына арналған. Қарастырылып отырған оқу құралы материалдарды ұсыну логикасына сәйкес екіге бөлінеді: теория және практика. Құралдың мазмұны, оның құрылымы университетте оқытудың мақсат пен міндеттеріне сәйкес жасалынған. Ал, енді жалпы оқу құралы мазмұны бойынша 5 бөлімнен тұрады:

- Халықаралық капитал қозғалысы;
- Әлемдік валюта жүйесі;
- Әлемдік қаржы жүйесі;
- Халықаралық қаржы нарықтары;
- Халықаралық валюталық-қаржылық және несиелік қатынастар жүйесіндегі Қазақстан.

Оқу құралында автор әлем елдері және Қазақстан Республикасы қаржы саясаты бойынша дәрістік материалдарын енгізген. Халықаралық қаржы мемлекеттік тілде дайындалып отырған алғашқы оқу құралдарының бірі болғандықтан, кейбір кемшіліктер де жоқ емес. Мәселен, жұмыста орфографиялық қателер кездеседі. Бірақ, ол жұмыстың мәні мен оның орындалу сапасына айтарлықтай әсер етпейді, себебі жұмыстың ауқымы кең және тақырыбы өзекті.

Жалпы алғанда, Оңдаш Айнұр Оңдашқызы дайындаған «Халықаралық қаржы» атты оқу құралын «Қазақ университеті» баспасынан шығаруға ұсынылады.

Логистика және көлік Академиясының

ассоц.профессоры, э.ғ.к.



М.Ж. Арзаева

PhD докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының аға оқытушысы
Ондаш Айнұр Ондашқызы дайындаған
«Халықаралық қаржы» оқу құралына

СЫН-ПІКІР

Халықаралық қаржы – бұл халықаралық қаржы институттары мен ұйымдардың қалыптасуын, бөлуін және пайдалануын қамтитын қаржы ресурстарының қозғалысы негізінде қалыптасатын, құрылымы күрделі қаржылық қатынастар жүйесі. Сонымен қатар, халықаралық қаржы – бұл халықаралық экономикалық қатынастарда, яғни резиденттер мен резидент еместер арасындағы қатынастарда қолданылатын қаржы ресурстарының жиынтығы.

Халықаралық қаржы тақырыбы әлемдік қаржылық дағдарыстардың пайда болуымен және әлемнің барлық экономикаларының өзара тәуелділігінің көрінісімен өзекті болып қала береді. Халықаралық қаржы жүйесін құрайтын институттарды, құралдар мен қатынастарды зерттеу түбегейлі маңызды.

Оқу құралында халықаралық қаржы туралы негізгі білім жүйесін қалыптастыратын мәселелер қарастырылады. Оқу құралы тек әлемдік экономика мамандығы ғана емес, сонымен қатар жалпы экономика, қаржы және несие, есеп және аудит, менеджмент және т.б. мамандықтарының студенттері мен магистранттарына, қаржы саласы бойынша сарапшыларға, халықаралық қаржы мәселелеріне қызығушылық танытушылардың барлығына арналған. Қарастырылып отырған оқу құралы материалдарды ұсыну логикасына сәйкес екіге бөлінеді: теория және практика. Құралдың мазмұны, оның құрылымы университетте оқытудың мақсат пен міндеттеріне сәйкес жасалынған. Ал, енді жалпы оқу құралы мазмұны бойынша 5 бөлімнен тұрады:

- Халықаралық капитал қозғалысы;
- Әлемдік валюта жүйесі;
- Әлемдік қаржы жүйесі;
- Халықаралық қаржы нарықтары;
- Халықаралық валюталық-қаржылық және несиелік қатынастар жүйесіндегі Қазақстан.

Оқу құралында автор әлем елдері және Қазақстан Республикасы қаржы саясаты бойынша дәрістік материалдарын енгізген. Бұл материал студенттерге пән бойынша жоғары мектептің мемлекеттік жалпы білім беру стандартына және негізгі талаптарға сәйкес білімдерді алуға көмектеседі. Маңыздысы, автор оқу құралына бақылау сұрақтары мен есептер, әлем елдерінің валюталарының тізімі мен әдебиеттер тізімін кіргізген.

Халықаралық қаржы мемлекеттік тілде дайындалып отырған канатқақты оқу құралы болғандықтан, кейбір кемшіліктер де жоқ емес. Мәселен, жұмыста орфографиялық қателер кездеседі. Бірақ, ол жұмыстың мәні мен оның орындалу сапасына айтарлықтай әсер етпейді, себебі жұмыстың ауқымы кең және тақырыбы өзекті.

Жалпы алғанда, Ондаш Айнұр Ондашқызы дайындаған «Халықаралық қаржы» атты оқу құралын «Қазақ университеті» баспасынан шығаруға ұсынылады.

Э.ғ.к., әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ профессор м.а.

 Б.Б.Султанова